

«Оқы, еске түсір, айт»

Келбет –

Сауалнама –

Бастамашыл –

Түйткіл –

Жора-жолдас-

Еліктеу-

Ар –

Жалын –

От –

Бұлшық ет –

Шынтақ –

Сабақ мақсаты:

- 11.3.1.1 – мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтау, берілген ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылау;
- 11.5.1.7 – мәтін құрауда шылаудың мағыналық түрлерін стильдік қызметіне сай орынды қолдану

Наурыздың бірі

Жастар мәселесінің түйткілдері

Нашақорлық – наркомания

Қамсыздандыру(қамтамасыз ету)- обеспечение

Мәңгүрт – мангурт; полоумный; ненормальный

Субмәдениет – субкультура

Бұзақы – хулиган

Ескіру – устаревать

Жылжу – продвигаться

Қомсыну - пренебрегать

Жаңа сөздер

субмәдениет – әлеуметтік немесе демографиялық топтың мәдениеті, төменгі мәдениет

мәңгүрт – ақылы кем адам

мәңгүрттік – адам бойында ұлттық мәдениет пен құндылықтардың жойылуын білдіретін ұғым

тамырына балта шабу – құрту, жою, жоқ қылу



АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қазіргі қоғамда қандай жаңа әдеттер бар?
2. «Субмәдениет», «мангүрт» деген сөздерді естідің бе?
3. Ол сөздер қандай жағдайда қолданылады?

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Суреттерге қарап айт.

1. Суреттерден не көріп тұрсың?
2. Олардың айырмашылығы бар ма?



Оқылым. Айтылым.

81-бет, 4-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, келесі сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Жастардың денсаулығына қандай факторлар кері әсер етеді?
2. Субмәдениеттің ерекшеліктері қандай?



Дескриптор :

1. Мәтінді мұқият оқиды.
2. Мәтіннен детальді ақпараттарды анықтайды.

Жазылым.

81-бет, 4-тапсырма. Мәтіннен субмәдениеттің ерекшеліктерін тауып, дәптерге жазындар.

Субмәдениеттің ерекшеліктері



Дескриптор :

1. Мәтінді мұқият оқиды.
2. Субмәдениеттің ерекшеліктерін табады.

Тапсырма

Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз, көтерілген мәселеге баға беріп, көзқарасыңызды білдіріңіз.

Мәтіндегі негізгі ой

```
graph TD; A[Мәтіндегі негізгі ой] --> B[Мәтінде көтерілген мәселені бағалау]; B --> C[Көзқарас];
```

Мәтінде көтерілген мәселені бағалау

Көзқарас



Жауап үлгісі:

Мәтіндегі негізгі ой

Басқа мәдениетке еліктемей, дәстүрлі мәдениетті дамыту керек.

Көтерілген мәселелер:

1. Темекі, ішімдік, нашақорлықтың жастар арасында белең алуы.
2. Жастардың түрлі субмәдениетке еліктеуі.

Мәселені бағалау

Жастар арасындағы мәселелер бүкіл ұлттың болашағы үшін қауіпті.

Көзқарас

Менің ойымша, өз мәдениетін құрметтемей, басқа мәдениеттің нашар жақтарын қабылдау – артықшылық емес, адасқандық.

ДЕМЕУЛІК ШЫЛАУ

	Ереже	Септеулік	Мысал
1	Сұраулық мағына беретін демеуліктер	Ма, ме, ба, бе, па, пе, ше	Жаңбыр жауса ше? Әсетсің бе?
2	Күшейткіш мағына беретін демеуліктер	-ақ, -ау, -ай, әсіресе, да, де, та, те	Осы сен – ақ бізді шаршатып бітірдің.
3	Болжалдық мағына беретін демеуліктер	-ау, -мыс, -міс, кейде	Ертеде бір әулие кісі болыпты – мыс.
4	Болымсыздық мағына беретін демеуліктер	Түгіл, тұрсын, тұрмақ	Сен түгіл мен де бес алған емеспін.
5	Шектік мағына беретін демеуліктер	Ғана, қана, тек, -ақ	Сол ғана келді. Мен – ақ білем.
6	Нақтылау мағына беретін демеуліктер	Ғой, қой, -ды, -ді, -ты, -ті	Бұл оқиға бұрын болған.

Септеулік шылау

1	Атау септігіне қатысты	Туралы, арқылы, үшін, сияқты, сайын, шақты	Отан үшін отқа түс – күймейсің.
2	Барыс септігіне қатысты	Дейін, шейін, таман, тарта, қарай	Түске дейін мектепте боламын.
3	Шығыс септігіне қатысты	Кейін, соң, әрі, гөрі, басқа, бері	Сабақтан кейін үйірмеге барамын.
4	Көмектес септігіне қатысты	Бірге, қабат, қатар, қоса	Досыммен бірге сабаққа келдім.

Тапсырма

Қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша ойыңызды дәлелдеп эссе жазыңыз (жазылым барысында жалғаулық шылауларды орынды қолданыңыз).



Жауап үлгісі:

Субмәдениетке еліктеу түбінде жақсылыққа апармайды. **Себебі** субмәдениетке жақын жастар өз ұлтының мәдениетін ескермейді, тіпті одан алшақтап **та** кетеді. Ал бұл – өз тамырына балта шабу **әрі** өзінің кім екенін ұмыту деген сөз.

Оның зиянды жақтары өте көп. Латын тілінен аударғанда субмәдениет «төменгі мәдениет» дегенді білдіреді екен. Осының өзі біршама ойды аңғартқандай. **Алайда** кейбір жастар осыны түсіне бермейді.

Олардың сыртқы бейнесі ғана емес, өздерін ұстауы, сөйлеуі **де** өзгеше болады. Көбіне жаргонмен сөйлейді, өз тілдерін ұмыта бастайды. Ал оның түбі мәңгүрттікке апарары сөзсіз. **Сондықтан** бөтен мәдениетке еліктемей, дәстүрлі мәдениетті дамыту керек деп ойлаймын.

Үйге.

Ереже. Мысал жазу. Сөздер

Кері байланыс: «Бір сөйлеммен» (ауызша)

- Бүгін мен не білдім?

- Менің сұрағым бар

- Маған..... қиын болды.